

**"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" (жаңа редакция)
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 1309 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" (жаңа редакция) Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және
пайдалану туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

Осы Заң жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және жануарлар дүниесінің тіршілік етуі мен биологиялық сан алуандығын сақтау қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделерін ескере отырып адамның экологиялық, экономикалық, эстетикалық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру мақсатында жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы Конвенцияның Қазақстан Республикасындағы әкімшілік органы - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция бойынша міндеттемелердің орындалуын ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік орган (бұдан әрі - **С И Т Е С**) ;

2) балық ресурстарын және басқа су жануарларын мемлекеттік басқарудың бассейндік принципі - әкімшілік-аумақтық бөлінісіне қарамастан, балықтар мен су жануарларының басқа да түрлерінің өсімін молайтуы мен қоныс аударуының ерекшеліктері ескеріле отырып, балық шаруашылығы су тоғандарындағы (

учаскелеріндегі) балық ресурстары мен су жануарларының басқа да түрлерін басқарудың біртұтас жүйесі;

3) жануарлар дүниесінің биологиялық сан алуандығы - жануарлар дүниесі объектілерінің бір түр шеңберіндегі, түрлер арасындағы және экологиялық жүйедегі сан алуандығы;

4) биологиялық негіздеме - жануарлар дүниесін пайдалануға немесе шаруашылық және өзге қызметке арналған, жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың өмір сүру ортасына ықпал ететін ғылыми негізделген қорытынды;

5) биологиялық-экономикалық тексеру - жануарлар дүниесі объектілерін алуға оңтайлы түрде жол берілуін айқындау және аң шаруашылығын ұтымды жүргізу мақсатында жүргізілетін аумақты және су айдынын биологиялық және экономикалық бағалау;

6) аң шаруашылығы - аң ауланатын жерлерде жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану, жануарлар дүниесінің өмір сүру ортасын сақтау, оны қорғау, өсімін молайту жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі;

7) балық шаруашылығы - балық шаруашылықтары су тоғандарында (учаскелерінде) балық ресурстары мен су жануарларының басқа да түрлерін орнықты пайдалану, олардың өмір сүру ортасын сақтау, оларды қорғау, өсімін молайту жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі;

8) ішкі шаруашылық аң аулауды ұйымдастыру - аңшылық алқаптарын түгендеу және құндылығы, табиғи және экономикалық жағдайларын зерделеу, жануарларды есепке алу, биотехникалық және пайдалану шараларын жобалау бойынша іс-шаралар жиынтығы, олардың негізінде аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары әзірленеді;

9) ішкі шаруашылық балық аулауды ұйымдастыру - балық шаруашылығының су айдындарын (учаскелерін) түгендеу, табиғи және экономикалық жағдайларын зерделеу, балық ресурстарын есепке алу, балық-су-мелиоративтік және пайдалану шараларын жобалау бойынша іс-шаралар жиынтығы, олардың негізінде балық шаруашылығын жүргізу жоспары әзірленеді;

10) егерлік қызмет - бекітілген аң аулау және балық шаруашылықтары су тоғандарында (учаскелерінде) жануарлар дүниесі объектілерін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға бақылау жасау функциясын жүзеге асыратын аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі;

11) жануарлар дүниесі (жануарлар) - құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркін жағдайда жүретін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша мекендейтін жабайы жануарлар (сүт қоректілер, құстар, бауырмен жорғалаушылар, қос мекенділер, балықтар, сондай-ақ ұлулар, жәндіктер және басқалары);

12) зоологиялық коллекция - жеке және заңды тұлғалардағы жануарлар дүниесі объектілерінің тұлыптар, жұмыртқалар, препараттар және бөліктер, жануарлар дүниесі

объектілерінің өзінің жинағы, сондай-ақ ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және эстетикалық құндылығы бар зоопарктердің, зообақтардың, цирктердің, зоологиялық питомниктердің, аквариумдардың, океанариумдардың жабайы жануарлары;

13) жануарларды жасанды өсіру - жануарлар дүниесі объектілерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру;

14) шаруашылықаралық аң аулауды ұйымдастыру - аң аулайтын жерлерді бекітіп беру қарсаңында, олардың шекараларын сипаттауды, алаңдарды, жануарлар дүниесінің және олар мекендейтін ортаның жай-күйін есепке алуды қамтитын шаралар кешені;

15) жануарлар дүниесінің объектісі - жануарлардың дара немесе жеке түрі;

16) жануарлар дүниесін қорғау - жануарлар дүниесі мен олар мекендейтін ортаны, биологиялық сан алуандықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы күрес пен оның алдын алу және күресу жөніндегі шаралар кешені;

17) жануарлар дүниесінің өмір сүру ортасын қорғау - жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты өмір сүру және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет және жаратылыс бостандығы қалпындағы жануарлар дүниесінің объектілерін ұдайы көбейту;

18) аңшы - аң аулауға белгіленген тәртіппен құқық алған жеке тұлға;

19) аң шаруашылығы ұйымы - бекітіліп берілген аң аулайтын жерлерде аң шаруашылығы қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізетін жеке немесе заңды тұлға;

20) аңшылық минимумы (аңминимум) - жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы жөніндегі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен арнайы бағдарлама, оның біліктігіне аңшы болуға ниетін білдірген азаматтар үшін арнайы емтихан жүргізіледі;

21) жануарлар дүниесін пайдалану - жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың пайдалы ерекшеліктерін оларды табиғи мекендеу ортасынан бөліп ала отырып немесе бөліп алмай - ақ пайдалану;

22) жануарлар дүниесін пайдаланушылар - Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар;

23) жолдама - бекітілген аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылықтары су тоғандарына (учаскелеріне) оларға жануарлар дүниесін аулау мақсаттарымен бару үшін; аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін құжат, оның үлгілік нысанын жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді;

24) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат - жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жануарлар дүниесін арнаулы пайдалануға арналған құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға беретін белгіленген нысандағы құжат;

25) балық аулаушы - балық аулауға және су жануарларының басқа да түрлерін аулауға белгіленген тәртіппен құқық алған жеке тұлға;

26) балық шаруашылығы ұйымы - бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) балық шаруашылығы қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізетін жеке және заңды тұлға;

27) балық шаруашылығын ұйымдастыру - балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) бекітілуі қарсаңындағы және ихтиофаунаның шекарасын, ауданын және жай-күйін айқындауды қамтитын әзірлік іс-шараларының кешені;

28) жануарлар дүниесінің мекендеу ортасы - жануарлар дүниесінің объектілері жаратылыс еркіндігі жағдайында мекендейтін табиғи орта;

29) аңшының куәлігі - жеке тұлғаның аң аулау құқығын растайтын, белгіленген нысандағы құжат;

30) балық аулаушының куәлігі - жеке тұлғаның әуесқойлық (спорттық) балық аулауын растайтын, белгіленген нысандағы құжат;

31) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) - жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басқару мен бақылау функциясын іске асыруды өз өкілеттігі шегінде жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік орган;

32) жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану - жануарлар дүниесі объектілерін олардың түрлерінің сан алуандығын тұралатуға әкеп соқпайтын және сол арқылы оның өсімін молайту мен адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының қажетін қанағаттандыру қабілетін сақтайтын тәсілдер мен қарқында пайдалану.

2-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы тарапынан қол қойылған халықаралық келісім-шартында осы заңда жазылғаннан басқа өзге ережелер белгіленетін болса, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Жануарлар дүниесінің санаттары

1. Жануарлар дүниесі нысаналы мақсаттары бойынша мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері;
- 2) жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 3) жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 4) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарында (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлері;
- 5) жануарлардың шаруашылық мақсаттарында пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;
- 6) жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылық және басқа үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға келтірілетін залалға жол бермеу, ауыл шаруашылық қызметіне айтарлықтай зиян келу қаупінің алдын алу мақсатында санын реттеуге жататын түрлері.

2. Жануарлардың түрлерін санаттарға жатқызу және бір санаттан екіншісіне көшіру жануарлар дүниесінің саналуандығын сақтау, оларды қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану мақсатында жүргізіледі.

4-бап. Жануарлар дүниесіне меншік және жануарлар дүниесінің объектілері

1. Жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте болады.

2. Мекендейтін ортадан осы заңда белгіленген тәртіппен алынған, сондай-ақ еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда өсірілген жануарлар дүниесінің объектілері оларды аулаған және өсірген жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылады.

5-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қатынас субъектілері

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қатынас субъектілері жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар болып табылады.

2-тарау. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқару

6-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері:

- 1) жануарлар дүниесінің орнықты өмір сүруін және орнықты пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 2) ізгілік принциптеріне сәйкес, жануарлар дүниесін пайдалануды жануарларға

катал қарауға жол бермейтін әдістермен жүзеге асыру;

3) жануарлар дүниесін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға мемлекеттік бақылау функциясының жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану жөніндегі қызметпен қоса атқарылуына жол бермеу;

4) жерді, суларды, өсімдік дүниесін және басқа табиғи ресурстарын пайдалану құқығынан жануарлар дүниесін пайдалану құқығын бөлшектеу;

5) жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың ақылылығы;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау;

7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің болмай қоймайтындығы;

8) азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің жануарлар дүниесі объектілерін қорғау мен өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы міндеттерді шешуге қатысуы.

7-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесі

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесіне Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті мемлекеттік орган, осы Заңда және Қазақстан Республикасы өзге де заң актілерінде белгіленген олардың құзыреті шегінде жергілікті атқару органдары кіреді.

8-бап. Балық ресурстарын және су жануарларының басқа да түрлерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері

Балық ресурстарын және су жануарларының басқа да түрлерін мемлекеттік есеп, кадастр, мониторинг, зерттеу, қорғау, өсімін молайту және мемлекеттік бақылау жасау мемлекеттік басқарудың біртұтас жүйесін құрайды және балық шаруашылығының бассейндерінде бассейндік принцип бойынша жүзеге асырылады.

9-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) негізгі бағыттарды әзірлеу және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) жануарлар дүниесін иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асыру;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, басшылық жасау және бақылау;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу;

- 5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын басқару мен бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды айқындау;
- 6) жануарлар дүниесінің объектілерін алуға арналған лимиттерді бекіту;
- 7) халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) тізбесін бекіту;
- 8) аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) резервтік қоры туралы ережені бекіту;
- 9) аң аулау ережелерін, балық аулау мен басқа да су жануарларын аулау ережелерін б е к і т у ;
- 10) аң шаруашылығын жүргізу, балық шаруашылығын жүргізу ережелерін бекіту;
- 11) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарды бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекіту;
- 12) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы ережені бекіту;
- 13) жасанды көбейтілуі мемлекеттік бюджеттің қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің т і з б е с і н б е к і т у ;
- 14) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми-зерттеу және өзге мақсаттарында алуға төлем жасауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мөлшерде бекіту;
- 15) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережелерін бекіту;
- 16) жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеу қоюды және тыйым салуды белгілеу т ә р т і б і н а й қ ы н д а у ;
- 17) жануарлардың түрлерін сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызу және оларды басқа санатқа ауыстыру;
- 18) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік кадастрді және мониторингті жүргізудің тәртібін белгілеу;
- 19) зоологиялық коллекциялар жасаудың және мемлекеттік есепке алудың тәртібін б е л г і л е у ;
- 20) аң аулайтын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру жөніндегі конкурс өткізу тәртібін және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;
- 21) аңшылық және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің т і з б е с і н б е к і т у ;
- 22) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы н о р м а т и в т е р д і б е к і т у ;
- 23) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру кіреді.

10-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

1. Уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;
- 3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 4) жануарлар дүниесінің объектілерін алуға арналған квоталарды бекітілген лимиттер негізінде бөлу;
- 5) аңшының және балық аулаушының куәліктерін беру тәртібін айқындау;
- 6) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру;
- 7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді әзірлеу;
- 8) аң аулайтын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру жөніндегі конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;
- 9) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік кадастрін және мониторингін жүргізу;
- 10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер мен жобалау-ізвестіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 11) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу және шығару;
- 12) жануарлар түрлерін сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызуды қоспағанда, бір санаттан екінші санатқа жатқызу;
- 13) жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен туынды түрлерін, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген санатқа жатқызылған түрлерін әкелуге және әкетуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте рұқсат беру;
- 14) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем жасау мөлшерін анықтаудың әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 15) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарды бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін анықтаудың әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 16) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;
- 17) жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар енгізу;
- 18) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін жасанды көбейту жөніндегі қызметті ұйымдастыру;
- 19) халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су

тоғандарының (учаскелерінің) резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және сан есебін жүргізуді ұйымдастыру;

20) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысанын, олардың жасалуы мен берілуінің тәртібін бекіту;

21) аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдарының егерлік қызметі туралы үлгілік ережені бекіту;

22) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың арнаулы құралдарды қолдану ережесін әзірлеу және бекіту;

23) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кіреді.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімін барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

11-бап. Облыстық жергілікті өкілді органдардың құзыреті

1. Облыстық жергілікті өкілді органдардың құзыретіне:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі аймақтық бағдарламаларды бекіту;

2) жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар басшыларының есептерін қарау.

12-бап. Облыстық жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Облыстық жергілікті атқарушы органның құзыретіне:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

2) ведомстволық жағынан бағынысты органдар мен ұйымдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қызметін үйлестіру, басшылық жасау және бақылау;

3) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) тізбесін бекіту;

4) уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі аймақтық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

5) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылықтары су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру жөнінде шешімдер қабылдау;

6) аң ауланатын жерлердегі резервтік қорда жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және оларды есепке алуды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

7) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және оларды есепке алуды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

13-бап. Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу, кадастр және мониторинг

Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдаланылуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін жануарлар дүниесі түрлерінің географиялық таралуы мен жай-күйі туралы, олардың саны, жүйелі байқаудың нәтижелері, оларды шаруашылықта пайдаланудың көлемі туралы мәліметтер жиынтығын және басқа да қажетті деректерді құрайтын жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу, кадастр және мониторинг жүргізіледі.

3-тарау. Жануарлар дүниесін қорғау

14-бап. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі негізгі талаптар

1. Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, олардың мекендейтін ортасына, көбею жағдайлары мен жануарлардың қоныс аудару жолдарына ықпал ететін қызмет жануарлар дүниесінің, олардың мекендейтін ортасының сақталуын және келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жануарлар дүниесі мекендейтін ортаға немесе олардың жай-күйіне әсер ететін және әсер етуі мүмкін шараларды жүзеге асыру кезінде мынадай негізгі талаптардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс:

1) жануарлар дүниесінің жаратылыс еркіндігі жағдайындағы биологиялық сан алуандығы мен үйірлік тұтастығын сақтау;

2) жануарлар дүниесінің объектілері мекендейтін ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдарын және шоғырланатын орындарын сақтау;

3) жануарлар дүниесі объектілерінің ғылыми негізделген, ұтымды пайдаланылуы мен өсімін молайтуы;

4) табиғаттағы биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу;

5) жануарларды жасанды өсіруді қоса, жануарлардың, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің кейіннен оларды табиғи ортаға шығара отырып өсімін молайту.

3. Жануарлар дүниесін қорғаудың, өсімін молайтудың және пайдаланудың мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламаларын, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеген кезде осы баптың 2-тармағында көрсетілген негізгі талаптар міндетті түрде ескерілуге тиіс.

15-бап. Жануарлар дүниесін қорғау

Жануарлар дүниесін қорғау:

- 1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелер мен нормаларды белгілеу және сақтау;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер қою мен тыйым салулар белгілеу;
- 3) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;
- 4) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзуды болдырмау;
- 5) мекендейтін ортаны қорғауды, көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру;
- 6) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аумақтарды, су айдындарын бекітіп беру жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау жөніндегі міндеттемелерді оған жүктеумен;
 - 7) ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын құру;
 - 8) жануарлар дүниесі объектілерін жасанды өсіру;
- 9) ауырған, табиғи апат кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қатері төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсету;
- 10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 11) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау мен орнықты пайдалану идеяларын насихаттау;
- 12) жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызметін ынталандыру;
- 13) азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу.

16-бап. Жануарлар дүниесінің объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында оны пайдалануға шектеу қоюды және тыйым салуды белгілеу

1. Жануарлар дүниесінің объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында:
 - 1) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдерінің шектелуі;
 - 2) аулаудың әдістеріне, жолдары мен құралдарының түрлеріне тыйым салынуы;
 - 3) алу нормасының өзгертілуі;
 - 4) жануарлар дүниесін пайдаланушылар санының шектелуі мүмкін.
2. Шектеу қою мен тыйым салуды белгілеу үшін:
 - 1) жануарлардың көбеюінің жыныстық-жас мөлшері құрылымының бұзылуы;
 - 2) жануарлар санының қысқаруы;
 - 3) мекендеу ортасының нашарлауы;
 - 4) жануарлардың қоныс аудару және көбею кезеңінде көптеп жиналатын жерлерінде тыныш аймақтар құру;
 - 5) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың талаптарын орындау негіз болып табылады.
3. Жануарлар дүниесінің объектілерін сақтау мақсатында:

1) өсімдіктерді жойып жіберуге және жануарлардың өмір сүру жағдайларын нашарлататын өзге де іс-әрекеттерге;

2) жануарлардың үйірлі түрде қоныстанған аймақтарында немесе уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша оларды алдын ала басқа жерге көшірмей тұрып, периметрі бойынша індерінен бергі 20 метр жерді жыртуға;

3) жануарлардың тұрақтары мен ұяларын бұзуға және бүлдіруге, жұмыртқалар ж и н а у ғ а ;

4) суда жүзетін құстардың жаппай ұя салуы кезінде және балықтардың уылдырық шашу кезеңінде белгіленген орындарға моторын іске қоса отырып катерлермен, моторлы қайықтармен және басқа суда жүзетін құралдармен баруға;

5) ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының жабайы тұяқты жануарлар мен топ-топ құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстімен бір километрден төмен биіктікте уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз ұшып өтуіне;

б) жануарлардың мекендеу ортасын жоюға, жемшөптік екпелер егістігінің, қорғаныш қондырғыларының, сортаң топырақтардың, жануарларды азықтандыратын астаулардың, сілтеме белгілердің, аншлагтардың, аң және балық шаруашылығын жүргізу мақсатындағы құрылыстардың бүлінуіне;

7) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кетуі қаупі төнген жануарлардың түрлерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің р ұ қ с а т ы н с ы з а л у ғ а ;

8) жануарлар дүниесі объектілерін белгіленген лимиттен тысқары және жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатта көрсетілген мерзімдерден тыс аулауға;

9) жануарлар дүниесі объектілерін жануарлар дүниесін аулаудың рұқсат етілмеген құралдары түрлерімен, аң аулау мен балық аулау ережелерінде көрсетілмеген әдістермен және жолдармен аулауға;

10) жануарлар дүниесі объектілерін жарылғыш қондырғыларды, улы химикаттарды қолдана отырып аулауға (бұған далалық кеміргіштерді қыру кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыруы мен басқа да ауру түрлерінің індеті жайлаған жағдайдағы уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша улы химикаттарды қолдану қ о с ы л м а й д ы) ;

11) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз жануарларды жерсіндіру мен будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ олардың жануарлардың жерсіндірілген түрлерін алуына тыйым салынады.

17-бап. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қ ы з ы л к і т а б ы н а е н г і з і л е д і .

2. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің күйреуіне, санының қысқарып кетуіне немесе мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соғатын іс-әрекеттерге жол берілмейді.

3. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлерін қорғауды мемлекет жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлерін қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

4. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін алуға оларды арнайы жасалған жағдайда өсіру және мекендеу ортасына шығару үшін айрықша жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсаты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ғылыми және өзге мақсаттарда жол беріледі.

5. СИТЕС-тің Қазақстан Республикасындағы Әкімшілік органының рұқсаты болмаса, жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін және олардың бөлшектерін қолда ұстауға, оларды тасымалдауға, сатуға, сатуға шығаруға және сатып алуға, сондай-ақ олардың импорты мен экспортына тыйым салынады.

6. СИТЕС-тің Қазақстан Республикасындағы Әкімшілік органы рұқсат бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгілеген тәртіпте алым алады.

18-бап. Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа препараттарды қолдану кезінде жануарларды қорғау

1. Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа препараттарды қолдану кезінде жануарлар дүниесін қорғаудың талаптары орындалуға т и і с .

2. Жануарлардың қырылуын және олар мекендейтін ортаның нашарлауын болдырмау мақсатында жеке және заңды тұлғалар мұндай препараттарды тасымалдаудың, сақтаудың және қолданудың Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ережелерін сақтауға міндетті.

3. Өсімдіктерді қорғаудың жаңа құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа препараттарды әзірлеген кезде бұлардың қоршаған ортада шоғырлануының әзірлеушілер белгілеген шекті жол берілетін нормативтері жануарлар дүниесі мен олар мекендейтін ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

4. Жануарлар дүниесі мен олар мекендейтін ортаның жай-күйіне әсер ететін өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа препараттарды сақтаудың, тасымалдаудың және қолданудың ережелері уәкілетті мемлекеттік органмен келісілуге тиіс.

19-бап. Шаруашылық және өзге қызметтерді жобалау мен жүзеге асыру кезінде жануарлардың мекендеу

ортасын, көбею жағдайларын және қоныс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау

жөніндегі іс-шаралар

1. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерді жүзеге асыру мен көлік құралдарын пайдалану, қазіргі бар технологиялық процестерді жетілдіру және жаңаларын енгізу, батпақты, бұта басқан аумақтарды шаруашылық айналымына енгізу, жерді мелиорациялау, орман және су пайдалануды жүзеге асыру, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбалар өндіру, ауыл шаруашылық жануарларын жаятын және айдайтын жерлерді белгілеу, туристік маршруттар жасау және халықтың жаппай демалатын орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасы мен көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөнінде іс-шаралар көзделіп, жүзеге асырылуға, сондай-ақ жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды деп танылған учаскелерге ешкімнің тиеуі қамтамасыз етілуіне тиіс.

2. Темір жол, тас жол, құбыр жүргізу және басқа көлік магистральдарын, электр өткізу және байланыс желілерін, арналарды, бөгеттерді және өзге де су шаруашылық құрылыстарын орналастыру, жобалау және салу кезінде жануарлардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылуға тиіс.

20-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарларды қорғау

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

21-бап. Жануарлар дүниесі объектілерін жасанды өсіру

1. Жануарлар дүниесі объектілерін жасанды өсіру:

1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау және м о л а й т у ;

2) ғ ы л ы м и з е р т т е у л е р ;

3) ж а н у а р л а р д ы ж е р с і н д і р у ;

4) жануарлар дүниесі объектілерін кәсіпкерлік қызметте пайдалану мақсатында жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің санын сақтау және арттыру мақсатымен кейіннен оларды табиғи мекендеу ортасына шығару арқылы жануарлар дүниесі объектілерін жасанды өсіру мемлекеттік бюджет қаражаттарының және заңдарда тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

3. СИТЕС-тің I және II қосымшаларына енгізілген, жасанды жолмен өсірілген

жануарлар түрлері, егер олар СИТЕС-тің Қазақстан Республикасындағы Әкімшілік органы тіркеген өсіру нәтижесі болып табылса ғана, сауда нысанасы болуы мүмкін.

4. Жануарлар дүниесі объектілерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында жасанды өсіру шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаттары және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылады.

22-бап. Жабайы жануарларды жерсіндіру және будандастыру, оларды Қазақстан Республикасына әкелу және одан тыс жерлерге әкету

1. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарларды жерсіндіруге және будандастыруға, оларды Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тыс жерлерге әкетуге биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат б о й ы н ш а ғ а н а ж о л б е р і л е д і .

2. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлардың түрлерін жерсіндіруге және будандастыруға биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысына сәйкес және уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жол беріледі.

23-бап. Жаппай ауырған, табиғи апат кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қатері төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсету

1. Бекітіліп берілген аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылықтары су тоғандарында (учаскелерінде) жаппай ауырған, табиғи апат кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсетуді аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдары, ал басқа жерлер мен су тоғандарында - облыстық атқарушы органдар жүзеге асырады. Осы жағдайларда аумағының және оқиғаның маңыздылығына байланысты халықаралық ұйымдар және Қазақстан Республикасы Үкіметі көмек көрсетуі мүмкін.

2. Жануарларды табиғи апат аудандарында аулауға, сондай-ақ қырылу қаупі төнген жануарларды аулауға жол берілмейді.

24-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғ ы л ы м и з е р т т е у л е р :

- 1) жануарлар дүниесінің жай-күйін жыл сайын бағалау;
- 2) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің ж а й - к ү й і н ұ д а й ы з е р д е л е у ;
- 3) жануарлар дүниесінің эпизоотикалық жай-күйін тұрақты зерделеу;
- 4) халықаралық ғылыми-зерттеу бағдарламаларына қатысу;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді негіздеу;

6) биологиялық сан алуандылықты сақтау және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту мен пайдалану бағдарламалары жөніндегі шараларды негіздеу;

7) жануарлар дүниесі объектілерін қорғаудың, өсімін молайтудың және пайдаланудың құқықтық және экономикалық тетіктерін әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер мемлекеттік бюджеттің қаражаттары және заңдармен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Бекітіліп берілген аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарындағы (учаскелеріндегі) жануарлар дүниесінің жай-күйін жыл сайын бағалау олар бекітіліп берілген субъектілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

25-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме

1. Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздемені әзірлеу жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органның лицензиялауына жатады.

2. Лицензияны беру, қолданылуын тоқтата тұру және оны кері қайтарып алу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. Жануарлар дүниесін пайдалану

26-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану

1. Жануарлар дүниесін пайдалану жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Жануарлар дүниесінің объектілері осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес пайдалануға беріледі.

3. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін мекендейтін ортасынан ала отырып пайдалану жатады.

4. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттерін мекендейтін ортасынан алмай пайдалану жатады. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану тегін негізде жүзеге асырылады.

5. Жануарлар дүниесін мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда пайдалану орман заңдарының және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдардың талаптары ескеріле отырып

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

6. Жануарлар дүниесі объектілерін биологиялық қару ретінде пайдалануға тыйым салынады.

27-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану түрлері

Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

1) аң аулау ;

2) судағы омыртқасыздар мен теңіз сүт қоректілерін аулауды қоса алғанда, балық аулау ;

3) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарында пайдалану ;

4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану ;

5) жануарлардың тіршілігіндегі пайдалы қасиеттер мен өнімдерді пайдалану.

28-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдері

1. Жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың мынадай мерзімдері белгіленеді:

1) аң және (немесе) балық шаруашылығын жүргізген кезде биологиялық-экономикалық тексерудің, аң аулайтын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беруге арналған конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарының, аң шаруашылығы мен балық шаруашылығы ұйымдарын дамыту жоспарларының негізінде конкурстық комиссия айқындайтын аң аулайтын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) бекітіліп беру кезеңіне байланысты 10 жылдан 49 жылға дейін;

2) қалған түрлеріне - 1 жылдан аспайтын мерзім.

2. Жануарлар дүниесін жалпы пайдаланғанда пайдалану мерзімдері белгіленбейді.

29-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға беру

1. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілетін жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат негізінде беріледі.

2. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану қандай да бір рұқсатсыз жүзеге асырылады.

30-бап. Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнаулы пайдалану кезінде: жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға ;

жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру талаптарына сәйкес пайдалануға; ауланған жануарлар дүниесі объектілерін және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге ;

ж о л д а м а б е р у г е ;

жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға арналған шарттар жасасуға құқылы.

2. Арнаулы пайдалану кезінде жануарлар дүниесін пайдаланушылар:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауға;

2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемдерді Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен уақытылы енгізуге;

3) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

4) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған орта үшін қауіпсіз болатын, табиғи үйірлердің тұтастығын бұзуға және жануарларға қатал қарауға жол бермейтін тәсілдермен пайдалануға;

5) жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алуды жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есеп-қисап тапсыруға;

6) жануарлар дүниесін, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін қорғауды және өсімін молайтуды қамтамасыз етуге;

7) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен аң шаруашылығын биологиялық-экономикалық тексеруге сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуге міндетті.

3. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жалпы пайдалану кезінде өздерінің мәдени және эстетикалық қажеттерін қанағаттандыру үшін жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға құқылы.

4. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жалпы пайдалану кезінде:

1) жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауға;

2) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

5. Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметіне мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың, шаруашылық және басқа ұйымдардың тарапынан заңсыз араласуға тыйым салынады.

31-бап. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемдер

1. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану ақылы негізде жүзеге асырылады.

2. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем ставкалары, бюджетке аударым жасау және төлем төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес белгіленеді.

32-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған лимиттер мен квоталар

1. Жануарларды алу лимиті - жануарларды олардың табиғи өсімін және оңтайлы санын сақтай отырып алудың жол берілетін шектегі көлемі.

Жануарларды алу лимиті жануарлар дүниесі объектілерінің және олардың мекендеген ортасының санын, мониторингін есепке алудың, ғылымын зерттеулердің негізінде әзірленген биологиялық негіздемеге сәйкес белгіленеді және оны мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бірнеше мемлекеттердің аумақтары бойынша көшіп-қонып жүретін немесе мемлекетаралық маңызы бар су тоғандарын мекендейтін жануарларды алу лимиті мемлекетаралық келісімдер мен халықаралық ұйымдардың шешімдері негізінде белгіленеді, ал бұлар болмаса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

2. Жануарларды алу квотасы - жануарларды алу лимитінің аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдары үшін белгілі бір мерзімге белгіленген бір бөлігі.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер кезінде мемлекеттік тапсырысты орындау үшін уәкілетті мемлекеттік орган жеке квота белгілейді.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуді қоспағанда, аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылықтары су тоғандарының (учаскелерінің) резервтік қорына жануарларды алу квотасы бөлінбейді.

Жануарларды алуға бөлінген квота кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) аулаудың көлемі міндетті түрде көрсетіле отырып, уәкілетті мемлекеттік органның шешімімен аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдарына жеткізіледі.

33-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану құқығын тоқтату негіздері

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы:

- 1) жануарлар дүниесін пайдаланудан өз еркімен бас тартқан;
- 2) жануарлар дүниесін пайдаланудың мерзімі өтіп кеткен;
- 3) жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметі тоқтатылған;
- 4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі заңдардың талаптары, сондай-ақ аң шаруашылығын және балық шаруашылығын жүргізу шарттарының талаптары жүйелі түрде бұзылған;
- 5) аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) бекітіліп берілген жер учаскелері мемлекеттік мұқтаждар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алып қойылған;
- 6) жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға берілген рұқсаттар жойылған;
- 7) Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген өзге де негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.

34-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтер

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтер жануарлар дүниесінің сақталуын, мекендеу ортасы мен оның орнықты пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қажет жол берілетін шекті сандық және сапалық көрсеткіштердің мәнін айқындайды.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтер ғылыми зерттеулер негізінде белгіленеді және олар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы іс-шараларды жоспарлау мен шаруашылық және өзге де қызметтерді енгізу, жүргізу кезінде міндетті болып табылады.

5-тарау. Аң аулау

35-бап. Аң аулау ұғымы және түрлері

1. Аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін табиғи ортасынан ала отырып жануарлар дүниесін пайдаланудың арнаулы түрі.

Жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатымен іздестіру, соңына түсу, ізін кесу, аулауға әрекет жасау, аң ауланатын жерлерде қабынан алынған аңшылық қаруы және аң аулаудың басқа да жарақтары немесе аң аулаудан алған өнімдері бар, байлауын алып тастаған аң аулайтын иттері мен саятшы құстары бар тұлғалардың жүруі аң аулау деп танылады.

2. Аң аулау :

1) кәсіпшілік аң аулау ;

2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау түрлеріне бөлінеді.

3. Кәсіпшілік аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау.

4. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау - аңшының аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттерін қанағаттандыру мақсатында және ауланған өнімді жеке тұтыну мақсатында жүзеге асыратын аң аулауы.

5. Егер уәкілетті мемлекеттік орган өзгеше белгілемесе, аң аулау бекітіліп берілген аң ауланатын жерлерде жүргізіледі.

36-бап. Аң аулау құқығы

1. Мынадай талаптарға сай келетін жеке тұлғалар:

1) аң аулау атыс қаруын қолдана отырып жүргізілсе, жасы 18-ге толғанда;

2) аң аулау жарақ түрлерімен аулаудың басқа да рұқсат етілген ережелерін, иттер мен саятшы құстарды қолдана отырып жүргізілсе, жасы 14-ке толғанда;

3) аң аулау құқығына арналған жыл сайынғы мемлекеттік бажды төлегенде;
4) арнаулы емтиханды (аңшылық білімнің ең төменгі мөлшері) тапсырғаны туралы белгі қойылған аңшылық куәлігі бар болғанда аң аулауға құқылы.

2. Шетел азаматтары үшін Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығы аң шаруашылығы ұйымымен аң аулауды ұйымдастыру жөнінде жасасқан шарт пен шетелдік азаматтың өзі тұратын елден берілген оның аң аулау құқығын растайтын құжаты және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік баждың төленгені негізінде туындайды.

6-тарау. Балық аулау және басқа су жануарларын аулау

37-бап. Балық аулау

1. Балық аулау - балық аулау объектісі болып табылатын балық және басқа су жануарларын аулау.

2. Балық аулау:

1) кәсіпшілік балық аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) балық аулау түрлеріне бөлінеді.

3. Кәсіпшілік балық аулау - балық аулау объектісі болып табылатын балық және басқа су жануарларын кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау.

Кәсіпшілік балық аулау - тек балық шаруашылығын жүргізу ұйымдарына бекітілген балық шаруашылығы маңызы бар су айдындарында (учаскелерінде) жүргізіледі.

4. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау - балық аулаушының балық және басқа су жануарларын спорттық, эстетикалық және ауланған өнімді жеке қажеттеріне тұтыну жүзеге асыратын балық аулауы.

Әуесқойлық (спорттық) балық аулау балық шаруашылығы ұйымдарына, жеке тұлғаларға және әуесқой балық аулаушылардың қоғамдық бірлестіктеріне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде), қорықтардың, балық көшеттіктерінің, тоғандардың, көлдердің және басқа балық шаруашылықтарының, сондай-ақ ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтайтын су қоймаларының аумағында орналасқан су тоғандарын қоспағанда, балық аулаудың белгіленген ережелерін сақтай отырып жүзеге асырылады. Тоғандарда, көлдерде және басқа балық шаруашылықтарында әуесқойлық (спорттық) балық аулау су сервитуттарының негізінде немесе иесінің келісімімен жүзеге асырыла алады.

38-бап. Балық аулау құқығы

1. Кәсіпшілік балық аулау құқығына жеке және заңды тұлғалар келесі: пайдалануға арналған рұқсат болған; құрылтай құжатында қызметтің осындай түрі бар болған; балық шаруашылығы ұйымдарымен балық аулауға және басқа су жануарларын

аулауға арналған шарты бар болған;
балық аулау жұмысына тікелей қатысушы барлық тұлғалардың өз ісіне жауап беретін жасқа келген жағдайларда ие болады.

2. Әуесқой (спорттық) балық аулау және басқа су жануарларын аулау құқығын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілген балық аулаушының билеті бар жеке тұлғалар пайдаланады.

39-бап. Жасанды су тоғандарындағы балық шаруашылығы қызметін реттеудің ерекшеліктері

Жасанды су тоғандарын құрған, оларда балық және басқа су жануарларын өсірген жеке және заңды тұлғалар оларды меншіктенеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оларға өз қалауы бойынша билік етеді.

7-тарау. Аң және балық шаруашылығын жүргізу

40-бап. Аң және балық шаруашылығын жүргізу құқығының берілуі

1. Аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу құқығы жеке және заңды тұлғаларға облыстық атқарушы органның аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру туралы шешімдерінің, уәкілетті мемлекеттік орган мен жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасасылатын аңшылық және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың негізінде беріледі.

2. Аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдары жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы енгізген және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған сәттен бастап жануарлар дүниесі объектілерін алу немесе осы құқықты өзге тұлғаларға квота шегінде беру құқығын алады, ал басқа жеке және заңды тұлғалар - аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдарынан жолдама алғаннан кейін, солармен аңшылыққа немесе балық аулауға шарт жасасқан соң алады.

3. Аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдарына аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп берудің мерзімі өтіп кеткен кезде олардың осы аумақтар мен су айдындарын қайта бекітуіне басымдығы болады.

41-бап. Аң ауланатын жерлер

1. Аң ауланатын жерлер - аулау объектісі болатын жануарлардың түрлері мекендейтін орта болып табылатын аумақтар мен су айдындары, онда аң аулау және аң шаруашылығын жүргізу жүзеге асырылады немесе жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Аумақтар мен су айдындарын аң ауланатын жерге жатқызу, олардың шекарасын белгілеу және жер учаскелеріне тиісті сервитуттар орнату шаруашылықаралық аң аулауды ұйымдастыру, биологиялық-экономикалық зерттеу нәтижелері негізінде

Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Аң ауланатын жер орман қоры жерлерінде, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде, босалқы жерлерде, өзге де санаттағы жерлерде, сондай-ақ аң аулау мен аң шаруашылығын жүргізу жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы мүмкін су қоры жерлерінде болуы мүмкін.

4. Аң ауланатын жердегі жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға байланысты емес шаруашылық қызметі жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның сақталуын қамтамасыз ететін әдістермен және тәсілдермен жүргізілуге тиіс.

5. Аң ауланатын жерлер орналасқан жерлер мен су айдындарына иелік ету, пайдалану және билік ету құқығы аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалануға құқық бермейді.

6. Мынадай жағдайларда:

1) ағымдағы жыл үшін мемлекеттік баж төлегені туралы белгі соғылған аңшы куәлігінсіз;

2) сақтау және пайдалану құқығына ішкі істер органдарының рұқсатынсыз оқ ататын қарумен;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген иттермен және саятшы құстармен;

4) аң шаруашылығы ұйымдарымен шартқа отырмай кәсіпшілік мақсаттарда;

5) егер уәкілетті мемлекеттік орган өзгеше белгілемесе, аң ауланатын жерлердің резервтік қорында;

6) елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ солармен шектесетін аумақтарда аң аулау ережелерімен белгіленетін оқ ататын аң аулау қаруын қолданудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қашықтықта;

7) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;

8) күйзелісті және дәрменсіз жағдайдағы жануарларды (дауылдан, тасқыннан, өрттен бас сауғалағандарды, су тоғандарынан өту кезінде, мұздақта, аштықтан әлсіреген, жусанды паналаған су бетінде жүзетін құстарды);

9) авиа-, авто-, мото-, көлік құралдарын, қарда жүретін техникаларды, шағын көлемді кемелерді двигательдерін, түнде көретін аспаптарын, лазерлік нысана көрсеткіштерін, жарық беретін және дыбыстық аспаптарын іске қосып қолдана отырып әуесқойлық (спорттық) мақсаттарда;

10) мас болудың алкогольдік немесе нашақорлық немесе уланудың өзге де түрлері жағдайларында аң аулауға тыйым салынады.

42-бап. Балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері)

1. Балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) - балық шаруашылығын жүргізу үшін пайдаланылатын және пайдаланылуы мүмкін не олардың қорының өсімін

молайту үшін маңызы бар су тоғандары (ішкі теңіздер, өзендер, көлдер, тоғандар, су қоймалары мен басқа да жер үсті сулары).

2. Балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері):

- 1) халықаралық маңызы бар;
- 2) республикалық маңызы бар;
- 3) жергілікті маңызы бар деп бөлінеді.

3. Халықаралық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарына (учаскелеріне) Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттердің аумақтарына орналасқан су тоғандары жатады.

Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарына (учаскелеріне) екі және одан да көп облыстардың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) жатады.

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарына (учаскелеріне) барлық басқа балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) жатады және олардың тізбесін облыстық атқарушы орган бекітеді.

4. Балық шаруашылығы су тоғандарында:

1) су көлігінің селолардың, балық қабылдау пункттерінің жанына аялаудың, қондырғылар орнатып, қалқыма көрсеткіштер қою үшін тоқтауын және өте-мөте қажет болатын жағдайды қоспағанда, балық аулауға тыйым салынған орындар шегіне келіп тоқтауына;

2) балық аулайтын әр түрлі құралдарды бір су тоғанынан басқа су тоғанына арнаулы өңдеусіз апаруына;

3) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз жаңа балық кәсіпшілігі учаскелерін, ұйықтар ашуына, өзендерге салдар мен қалтқымалар орнатуына;

4) су тоғанында немесе оған жақын жерде қолданылуы балық аулау ережелерінде тыйым салынған балық аулау құралдарымен болуға;

5) балықтарды нөқта жіптерде сақтауға, ойықтардан шыққан өлі және ауру балықтарды, аулау құралдарын суға және жағалауды бойлай лақтырып тастауға;

6) балық аулау ережелерімен белгіленген кәсіпшілік шаралардан кем балық аулауға, қабылдауға, сатуға және сақтауға;

7) суда жүзетін құстарды балық шаруашылығы су тоғандарында өсіруге және уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ондатр немесе басқа кәсіпшілік мақсаты үшін мелиоративтік жұмыстарды жүргізуге;

8) мұз қатқан кезеңде халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз, ал жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) тиісті облыстық атқарушы органның келісімінсіз автомобиль көлігімен және өзге де механикалық жылжымалы құралдармен болуға тыйым салынады.

5. Мынадай жағдайларда:

1) бөгеттердің, шлюздердің және көпірлердің жанында, көлдерді өзара жалғастыратын және негізгі өзенмен жалғайтын ағыстарда, мелиоративтік жүйелердің арналары мен бұрылыстарында, өзендер мен арналар сағасы алдындағы балық аулау ережелерінде айқындалған шекарадан тыс жерлерде;

2) балық аулау ережелерімен тыйым салынған балық аулау құралдарымен;

3) балықтардың қыстайтын шұңқырлары мен уылдырық шашатын орындарында;

4) белгіленген тәртіппен тіркелмеген және тіркеу нөмірлерімен белгіленбеген ж ү з б е л і қ ұ р а л д а р м е н ;

5) ұйымның атауы көрсетілген биркасы жоқ және аулау құқығын берген рұқсатқа сәйкес аулау құралының параметрлері көрсетілмеген аулау құралдарымен;

6) теңізде және өзендерде бекіре балықтарын аулау үшін аулаудың қақпақты қ ұ р а л д а р ы м е н ;

7) мас болудың алкагольдік немесе нашақорлық немесе уланудың өзге де түрлері жағдайларында балық аулауға тыйым салынады.

43-бап. Аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру тәртібі

1. Аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) облыстық атқарушы органның шешімімен конкурстық негізде бекітіліп беріледі.

Конкурсты уәкілетті мемлекеттік орган құратын комиссия облыстық атқарушы органмен бірлесіп, конкурс өткізу ережелеріне сәйкес өткізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда конкурсты Қазақстан Республикасы Үкіметі құратын комиссия жүргізеді.

Аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру жөніндегі конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын уәкілетті мемлекеттік орган бекітіліп берілетін аумақтар мен су айдындарындағы аң аулауды биологиялық-экономикалық тексеру негіздерінде әзірлейді.

2. Жеке меншікте немесе уақытша жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жер пайдалануында болатын жер учаскелеріндегі аң ауланатын жерлер оларға конкурс өткізілмей, олардың өтінішімен облыстық атқарушы органдардың шешімдерімен квалификациялық талаптарға сәйкес болғанда бекітіліп беріледі.

44-бап. Аң ауланатын жердің және балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) резервтік қоры

1. Жануарлар дүниесін пайдаланушыларға осы Заңмен белгіленген тәртіппен бекітіліп берілмеген аң ауланатын жер мен балық шаруашылығының су тоғандары (учаскелері) аң ауланатын жер мен балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) резервтік қорын құрайды.

2. Балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) халықаралық және республикалық маңызы бар резервтік қоры уәкілетті мемлекеттік органның қарауында, жергілікті маңызы бар - тиісті облыстық атқарушы органдардың қарауында болады.

3. Аң ауланатын жерлердің резервтік қоры тиісті облыстық атқарушы органдардың билігінде болады.

45-бап. Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарына пайдалану

Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарлар дүниесі объектілерін шаруашылық мақсаттары үшін пайдалану, сондай-ақ жануарлардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік ету өнімдерін пайдалану уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

46-бап. Жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттар, соның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгеннен басқа, жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттар, соның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

47-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік ұйымдар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мынадай нысанда мемлекеттік ұйымдар:

1) жануарлар дүниесінің қысқаруға бейім жекелеген түрлерін қорғауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекемелер;

2) аңшылық орналастыруды, балық шаруашылығын орналастыруды, жануарлар дүниесі объектілерін жерсіндіру және тектік қорын сақтау үшін жасанды өсіруді жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар құрады.

2. Жергілікті атқарушы органдар аң ауланатын жер мен балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) резервтік қорындағы жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту үшін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту жөніндегі коммуналдық ұйымдар құрады.

8-тарау. Жануарлардың санын реттеу

48-бап. Жануарлар санын реттеудің мақсаттары

Жануарлардың санын реттеу:

- 1) халықтың денсаулығын сақтау;
- 2) ауыл шаруашылық және үй жануарларының ауруын болдырмау;
- 3) экономикада залалды болдырмау;
- 4) биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсаттарында жүзеге асырылады.

49-бап. Жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу үшін негіздердің туындауы

Жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу үшін мынадай негіздер болуы м ү м к і н :

1) жұқтырушылары жануарлар дүниесінің объектілері болып табылатын ауру жұғу катерінің немесе онымен халықтың, ауыл шаруашылық және үй жануарларының а у р у ы н ы ң т у ы н д а у ы ;

2) экономикаға едәуір залал келу катерінің туындауы;

3) жануарлардың жекелеген түрлері санының қысқаруына және басқа теріс салдарға соқтырған жануарлар дүниесінің мекендеу ортасындағы қалыптасқан табиғи баланстың бұзылуы.

50-бап. Жануарлардың санын реттеудің тәртібі

Жануарлардың санын реттеудің тәртібін қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісе отырып уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

9-тарау. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру және экономикалық ынталандыру

51-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру

1 . М ы н а л а р :

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы м е м л е к е т т і к ұ й ы м д а р ;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік, салалық және аумақтық бағдарламаларды іске асыру;

3) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу, кадастрі мен мониторингін жүргізу;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бұған уәкілеттік алған мемлекеттік органдар жүргізетін ғылыми зерттеулер;

5) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін қоса алғанда, жануарлар дүниесі объектілерін жерсіндіру;

6) Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабын жүргізу және шығару;

7) экономикаға едәуір залал келтіретін, халықтың, ауыл шаруашылық және үй жануарларының денсаулығына катер төндіретін жануарлар түрлерінің санын реттеу;

8) табиғи апаттар мен төтенше экологиялық жағдайлар кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің қырылу катерін болдырмау жөніндегі шаралар;

9) шаруашылықаралық аң аулауды ұйымдастыру және балық шаруашылығын ұ й ы м д а с т ы р у ;

10) аң шаруашылығы немесе балық шаруашылығы ұйымдарына бекітіліп берілетін резервтік қордағы аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерін) аң аулауды биологиялық-экономикалық зерттеу мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады.

2. Бекітіліп берілген аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарындағы (учаскелеріндегі) жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі шараларды қаржыландыру аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдарының қаражаттары есебінен жүргізіледі.

3. Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қоғамдық қорлар құрылуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер тартылуы мүмкін.

52-бап. Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды экономикалық ынталандыру

Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды экономикалық ынталандыру (жеңілдіктер, преференциялар беру, мемлекеттік қолдау) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10-тарау. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау

53-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті мемлекеттік органның жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарын бұзудың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және жоюға бағытталған қызметі.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын орындауына бақылауды жүзеге асыруды және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды көздейді.

3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің басшылары бір мезгілде Қазақстан Республикасының және оның тиісті аумақтарының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары, ал олардың орынбасарлары

- жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын уәкілетті мемлекеттік орган құрылымдық бөлімшелерінің және оның аумақтық бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасының және оның тиісті аумақтарының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын мамандар - Қазақстан Республикасының және оның тиісті аумақтарының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

4. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту жөніндегі мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғаларына жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың құқықтары беріледі.

54-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау объектілері

1. М ы н а л а р :

- 1) жануарлар дүниесі және олар мекендеген орта;
- 2) жануарлар дүниесі объектілерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұ с т а у д ы ң ш а р т т а р ы ;
- 3) жануарлар дүниесін аулау жарақтары;
- 4) жануарлар дүниесінің ауланған өнімі;
- 5) жануарлар дүниесін пайдалану құқығын растайтын құжаттама (аң аулаушының және балық аулаушының куәлігі, жануарлар дүниесін пайдалануға арналған шарт және рұқсат, жолдама, балық аулаушының билеті, кәсіпшілік журналы);
- 6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қызмет;
- 7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы н о р м а т и в т і к к ұ ж а т т а м а ;
- 8) жануарлар дүниесіне және оның мекендейтін ортасына әсерін тигізетін қызмет жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады.

55-бап. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың құқығы

1. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдары нормаларының орындалуын тексеру мақсатында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау объектілерінде заңдарда белгіленген тәртіппен кедергісіз болуға (қызметтік куәлігін көрсетуі бойынша), сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланушылардың

қызметі туралы ақпарат алуға;

2) осы заңмен берілген өкілеттіктер шегінде актілер шығаруға;

3) іс жүргізу шешімін қабылдау үшін құқық қорғау органдарына тексеру материалдарын беруге;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуы анықталған кезде жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тоқтата тұруға немесе тоқтату туралы заңдарда белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізуге;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге және осының негізінде кінәлі тұлғаларға осы зиянды ерікті түрде өтеу туралы ұсыныс жасауға не сотқа талап-арыз беруге;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарауға, кінәлілерді әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

7) аң ауланатын жерлердің, балық шаруашылығы су тоғандарының (учаскелерінің) аумағынан және ерекше қорғалатын табиғи аумақтан шыққан кезде көлік және суда жүзу құралдарын тоқтатуға және оларға тексеру жүргізуге;

8) аулау жарактарының тыйым салынған түрлерін оларды сот шешім қабылдағанға дейін сақтау үшін алуға;

9) заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алуға;

10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын сот шешім шығарғанға дейін уақытша сақтау үшін алуға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы құралдар мен қызметтік атыс қаруын сақтауға, асынып жүруге және қолдануға құқылы.

2. Жануарлар дүниесі жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі жоғары мемлекеттік органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

56-бап. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың актілері

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын анықталған бұзудың дәрежесіне қарай мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша әсер етудің құқықтық шараларын қабылдау мақсатында жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құқықтық инспекторлар мынадай актілер:

1) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар;

2) м ы н а д а й :

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын бұзудың жойылғаны туралы;

талап-арызды көрсетілген мерзімде сотқа міндетті түрде ұсына отырып үш күннен аспайтын мерзімде сот шешімінсіз жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметіне тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы нұсқама шығарады. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қ о л д а н ы с т а б о л а д ы .

3) М ы н а д а й :

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңдары бұзылған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, тыйым салынған аулау жарақтарын және заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың өнімдерін сот шешімі шыққанға дейін уақытша сақтау үшін алу туралы қаулы ш ы ғ а р а д ы .

2. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың актілері жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

57-бап. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларды құқықтық және әлеуметтік қорғау

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға тиіс.

58-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өндірістік бақылау

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өндірістік бақылау - бекітіліп берілген аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) жануарлар дүниесінің пайдаланылуын қорғау, өсімін молайту және бақылау функциясын жүзеге асыратын аң шаруашылығы және балық шаруашылығы кәсіпорындарының егерлік қызметі.

59-бап. Қорықшылық қызметтің құқықтары мен міндеттері

1. Қорықшылық қызметтің қызметкерлері бекітіліп берілген аң ауланатын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) өздерінің міндеттерін атқару мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) оларды кейіннен жануарлар дүниесі жөніндегі мемлекеттік инспекторларға не уәкілетті мемлекеттік органға міндетті түрде беру үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы х а т т а м а л а р ж а с а у ғ а ;

2) аң аулау мен балық аулау құқығына арналған құжаттардың болуын тексеруге;

3) заттар мен көлік құралдарына тексеру жүргізуге;

4) оларды кейіннен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға не уәкілетті мемлекеттік органға міндетті түрде беру үшін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, аң аулау мен балық аулаудан алынған заңсыз өнімді, аулау жарақтарының тыйым салынған түрлерін а л у ғ а ;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен нысанды киім-кешек киіп және атыс қаруын асынып жүруге құқылы.

2. Аң аулайтын жерлер мен балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) жануарлар дүниесі пайдаланылған кезде қорықшылық қызметтің қызметкерлері жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз етуге және заңдылықтың сақталуын б а қ ы л а у ғ а м і н д е т т і .

3. Қорықшылық қызметтің қызметкерлері өз функцияларын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

4. Қорықшылық қызметтің қызметкерлерін ұстап тұруды тиісті аң шаруашылығы және балық шаруашылығы ұйымдары жүзеге асырады.

60-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауды Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады.

61-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдардың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы .

2. Айыппұл салу не өзге де өндіріп алулар кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен залалды өтеуден босатпайды.

62-бап. Жануарлар дүниесі объектілерін қорғау мен пайдалану мәселелері бойынша даулардың шешілуі

Жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасын қорғау және пайдалану, жануарлар дүниесін пайдалануға беру мәселелері жөніндегі дауларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен соттар шешеді.

63-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген принциптерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Құрып кету қаупі төнген жануарлар дүниесі объектілерімен халықаралық сауда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және халықаралық нормаларға сәйкес реттеледі.

64-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 1993 жылғы 21 қазандағы N 2463-ХІІ Заңының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1993 ж., N 18, 439-бап; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1999 ж., N 11, 357-бап; 2001 ж., N 3, 20-бап; 2001 ж., N 24, 338-бап).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті